

“Қай жерде сіздің махаббатыңыз, сіздің жұмысыңыз, ұмтылыстарыңыздың іске асырылуы — дәл сол жерде сіздің Христоспен (Мәсіхпен) күнделікті кездесуіңіз болмақ. Әдеттегі оқиғалар айналымында, ең қалыпты, дүниелік заттар арасында, Құдай және адамдарға құлшылық ете, біз өзімізді қасиеттеуіміз керек. Менің балаларым, бізге жер мен көк аспан көкжиек сызығында қабысқандай болып көрінеді, бірақ олар біздің жүрегімізде қабысады, қашан да біз күнделікті өмірімізді қасиеттеген кезде”.

Әулие Хосемария Эскриваның 1967 жылдың 8 қазанындағы “Күллі жан дүниемен әлемді сүй” уағызынан үзінді.

Әулие Хосемария Эскрива Испанияда, Барбастро қаласында 1902 жылы 9 қаңтарда туылды. 1925 жылы 28 наурызда ол Сарагосада қолқою құпияшылдығын қабылдады. 1928 жылы 2 қазанда ол Құдайдың шабытымен Opus Dei-дің негізін салды. 1975 жылы 26 маусымда кенеттен қайтыс болғанда, ақырғы махаббатқа толы көз жанарын жұмыс кабинетінде тұрған Құдай анасы бейнесіне қарап көз жұмды. Ол кездің өзінде Opus Dei 5 континентке тараған, 80 ұлт өкілдерінен тұратын 60 000 мүшесі бар еді. Олар Шіркеуге қызмет етіп, Папа мен Епископтарды құрметтейді. Дәл осылай Әулие Хосемария Эскрива өмір сүрген еді. Opus Dei негізін салушы Хосемария Эскриваны Папа Иоанн Павел II-ші 2002 жылы 6 қазанда Рим қаласында әулиелер қатарына қосты. Оның литургиялық мейрамы әр жыл сайын 26 маусымда өткізіледі.

Әулие Хосемария Эскриваның денесі Әлем иесі (Regina Pacis) — Киелі Құдай ананың ғибатханасында, Рим қаласында (Viale Bruno Buozzi, 75) жатыр.

Әулие Хосемария Эскрива жөнінде көбірек мағлұматы www.escrivaworks.org сайтында таба аласыз.

Сіздердің өтініштеріңіз Әулие Хосемария Эскрива жақтаушылығының арқасында орындалса, мына мекен-жайға хабарласуларыңызды сұраймыз: Opus Dei Прелатурасы. Viale Bruno Buozzi, 73, 00197 Рим.

Шіркеу биліктері рұқсатымен басылған.